

Мемлекеттік мүлікті республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 442 қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. М ы н а д а й ғ и м а р а т т а р :

1) Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Барақ-Батыр ауылы, Школьная көшесі, № 1 үй мекенжайында орналасқан жалпы алаңы 1640,6 шаршы метр мектеп ғ и м а р а т ы ;

2) Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Жантікей ауылы мекенжайында орналасқан жалпы алаңы 4084,5 шаршы метр мектеп ғимараты республикалық меншіктен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің теңгерімінен Шығыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Шығыс Қазақстан облысының әкімдігімен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*